

**«Mastercard-пен армандаған матчқа сапар»
маркетингтік акциясын өткізу ережелері (бұдан әрі мәтін бойынша – «Ережелер»)**

«Mastercard-пен армандаған матчқа сапар» акциясы (бұдан әрі – Акция) «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) (бұдан әрі – Банк) және «Progression СА» ЖШС (бұдан әрі – Акция Операторы) бірлесіп өткізеді. Акция 2026 жылғы 19 ақпаннан бастап 2026 жылғы 15 сәуірге дейін (Алматы қаласының уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін қоса алғанда) өткізіледі.

Акцияға Банк шығарған Mastercard ALL IN және Premium негізгі және қосымша дебеттік төлем карталарының (бұдан әрі – Карта) иелері қатыса алады, егер олар: 18 жасқа толған болса, Банк алдында мерзімі өткен берешегі болмаса. Мемлекеттік билік өкілдері, олардың жұбайлары, туыстары және жекжаттары Акцияға қатыса алмайды. Банк қызметкерлері және оның үлестес тұлғалары Акцияға қатыстырылмайды.

Акцияға қатысу үшін Акция кезеңі ішінде:

Тауарлар мен/немесе қызметтер үшін Карта арқылы немесе Apple Pay, Google Pay немесе Samsung Pay қызметтерін пайдалана отырып кемінде 100 000 (жүз мың) теңге сомасына төлем жасау қажет.

Картаны электрондық әмияндарға қосу туралы толық ақпарат:
ApplePay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/apple-pay.html>
GooglePay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/google-pay.html>
SamsungPay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/samsung-pay.html>

Акция талаптарына сәйкес көрсетілген әрекеттерді орындаған Қатысушылар келесі Сыйлықтар ұтыс ойынына қатысады:

1-деңгейдегі жүлде:

2026 жылғы UEFA Champions League Final финалына (Будапешт қаласы, Венгрия) екі адамға арналған 1 (бір) жолдама, оның құрамына:

- 4* қонақүйде 3 күн / 2 түн (екі адамға орналастыру);
- матчқа САТ 1 санатындағы 2 билет;
- әуежай–қонақүй–әуежай трансфері;
- қонақүй–стадион–қонақүй трансфері;
- Mastercard және UEFA брендімен мерчендайзинг;
- барып-қайту әуе билеттері;
- виза алымын төлеу кіреді.

Негізгі жеңімпазбен бірге баратын тұлға 18 жастан асқан болуы тиіс. Матчтың нақты күні және өзге де ұйымдастыру мәселелері туралы Банк жеңімпазға қосымша хабарлайды.

2-деңгейдегі жүлделер:

Кемінде 8 (сегіз) Mastercard × UEFA мерчендайзинг жиынтығы, оның құрамына:

- спорттық сөмке;
- спорттық киім элементі;
- жағажай сүлгісі;
- суға арналған бөтелке;
- кілтке арналған брелок кіреді.

Жүлделер туралы маңызды шарттар:

- Жұлделер ақшалай берілмейді;
- Басқа акция бойынша жүлдеге ауыстырылмайды және қайтарылмайды;
- Жоғалған немесе ұрланған жағдайда жүлденің көшірмесі берілмейді;
- Жұлдені алу құқығы үшінші тұлғаға берілмейді;
- Жеңімпаз жүлдеден бас тартқан немесе оны алуға келмеген жағдайда ақшалай өтемақы төленбейді.

Банк/Оператор Акция Жұлделерінің құнын басқа тәсілмен (ақшалай қаражатпен, өзге тауарлармен, қызметтермен және т.б.) өтемейді, оның ішінде Акция жеңімпазы Жұлдені алудан бас тартқан немесе Жұлдені алу үшін келмеген жағдайда да өтемақы төленбейді. Жұлде нақты ақшаға немесе басқа акциядағы жүлдеге айырбасталмайды және/немесе қайтарылмайды (жоғалған/ұрланған жағдайда жүлденің телнұсқасы берілмейді). Жұлдені алу құқығы үшінші тұлғаға берілмейді.

Ұтыс ойыны қалай өткізіледі

Жұлделердің ұтыс ойыны 2026 жылғы 17 сәуірде өткізіледі.

Жеңімпаздарды анықтау Акция шарттарына сәйкес әрекеттерді орындаған барлық қатысушылар арасынан, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын комиссияның қатысуымен жүзеге асырылады. Акцияға қатысу шарты ретінде әрбір 100 000 теңге үшін қатысушыға ұтыс ойынына бір мүмкіндік беріледі. Алдымен 1-деңгейлі Жұлденің жеңімпазы анықталады, содан кейін 2-деңгейлі Жұлделердің жеңімпаздары айқындалады.

Ұтыс ойынының барысы Банктің <https://www.instagram.com> әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетіледі. Жеңімпаз Банктің шешімімен айқындалатын арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы кездейсоқ әдіспен анықталады. Әрбір Жұлде бойынша қосымша 2 (екі) резервтік жеңімпаз дәл осы тәртіппен анықталады. Негізгі жеңімпаз қандай да бір себептермен Жұлдені пайдалана алмаған немесе одан бас тартқан жағдайда, Жұлде резервтік жеңімпазға беріледі. Комиссияның шешімі Акция қатысушылары, Банк және Акция Операторы үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

Ұтыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Банк Жеңімпаздарды қолда бар байланыс деректері бойынша хабардар етеді. Егер көрсетілген мерзімде Банк Жеңімпазбен байланыса алмаса, Жұлдені алу құқығы резервтік жеңімпазға өтеді.

Жеңімпаз Банк хабарламасында көрсетілген мерзімде Жұлдені алу үшін Банктің бөлімшесіне жеке өзі жүгінуі тиіс.

Жұлдені алу күніне жарамды жеке басын куәландыратын құжаттың болуы:
 -1-деңгейлі Жұлде жеңімпазы мен оның бірге баратын тұлғасына – Венгрияға кіруге және Венгрия аумағында болуға жеткілікті мерзімге жарамды жеке басын куәландыратын құжаттың болуы;
 -дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісім беру;
 - жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қою.

Жеке басын куәландыратын құжаттың болмауы/ұсынбауы, сондай-ақ Жеңімпаздың (негізгі немесе резервтік) келісімге және/немесе қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюдан бас тартуы Банктің және Акция Операторының тарапынан Жұлдеден бас тарту ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда Банк пен Акция Операторы жауапкершілік көтермейді.

Жүлдені алуға байланысты салықтарды есептеу және төлеу міндеттемесі Банк пен Акция Операторына жүктеледі. Егер уәкілетті органдар Жеңімпазға және/немесе бірге баратын тұлғаға виза беруден бас тартса немесе Банк пен Акция Операторына тәуелсіз себептермен шетелге шығу мүмкін болмаса, 1-деңгейлі Жүлде резервтік жеңімпазға беріледі. Бұл жағдайда ақшалай өтемақы төленбейді.

Ұтыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Банк Жеңімпаздарды қолда бар байланыс деректері бойынша хабардар етеді. Егер көрсетілген мерзімде Банк Жеңімпазбен байланыса алмаса, Жүлдені алу құқығы резервтік жеңімпазға өтеді. Жеңімпаз Банк хабарламасында көрсетілген мерзімде Жүлдені алу үшін Банктің бөлімшесіне жеке өзі жүгінуі тиіс.

Банк пен Акция Операторы жауапты емес:

1. Қатысушылардың өз кінәсінен немесе байланыс, курьерлік және пошта қызметтерінің кінәсінен, сондай-ақ Банк пен Операторға тәуелсіз өзге себептермен Жүлдені алу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің алынбауы немесе уақытылы алынбауы үшін;
2. Қатысушылардың Қағидаларда көзделген міндеттерді орындамауы (немесе уақытылы орындамауы) немесе Банктің сайтындағы Акция туралы ақпаратпен таныса алмауы үшін;
3. Жеңімпаздар ұсынған деректердің дұрыстығы, нақтылығы мен шынайылығы үшін, сондай-ақ осыған байланысты Қатысушылармен байланысқа шыға алмау немесе алынған ақпаратты Акция мақсаттары үшін пайдалана алмау жағдайлары үшін;
4. Жеңімпаздардың Жүлдені талап етпеуі немесе одан бас тартуы салдарынан Жүлдені алмауы үшін;
5. Қатысушылардың Акцияға қатысуына байланысты өміріне, денсаулығына, моральдық және/немесе психикалық жағдайына келтірілген зиян үшін;
6. Жеңімпаз бен оны бірге алып жүретін тұлғаның Венгрия аумағында болған кезеңінде өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген кез келген зиян үшін.

Акцияның өзге шарттары

Банк Акция шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы және бұл туралы қатысушыларды <https://www.berekebank.kz> Банктің ресми сайтында жаңа редакцияны жариялау арқылы хабардар етеді.

Қатысушылар Акция ережелерімен, соның ішінде өзгерістер енгізілген жағдайда, өз бетінше танысады. Қатысушының Акция шарттарына сәйкес әрекет жасауы жаңа редакциямен келісетінін білдіреді.

Банк телекоммуникациялық және энергетикалық желілердегі ақаулар, зиянды бағдарламалардың әрекеттері немесе үшінші тұлғалардың жосықсыз әрекеттері салдарынан өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты емес.

Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Банк Акцияны алдын ала ескертусіз тоқтатуға немесе уақытша тоқтата тұруға құқылы.

Банк Акцияға қатысуға байланысты туындауы мүмкін шығындарды, залалдарды немесе өзге де шығыстарды өтемейді.

Егер Банк қатысушының әрекеттерін/әрекетсіздігін алаяқтық, жосықсыз немесе Акция шарттарын бұзу деп таныса, оны ескертусіз Акция қатысушылары қатарынан шығару құқығын өзіне қалдырады.